Автор: Сейтжапбарова Жанна Сейдахметовна
Пән: Химия
Сынып: 9-сынып
Бөлім: Алғашқы химиялық ұғымдар
Тақырып: Электролиттік диссоциациялау теориясы

Сабақ негізделген оқу мақсаты :	9.4.1.3 электролиттік диссоциацияның анықтамасын білу 9.4.1.4 кейбір қосылыстар суда ерігенде иондарға ыдырайтынын түсіндіру 9.4.1.5 диссоциацияға қарама-қарсы процесс – ассоциация екендігін білу 9.4.1.6 иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың сулы ерітіндісіндегі электролиттік диссоциациялану механизмін түсіндіру 9.4.1.7 электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидаларын білу
Сабақ мақсаттары:	**Барлық оқушылар:** электролиттік диссоциация теориясын түсінеді **Оқушылардың басым бөлігі:** Атом,элемент,атомдық масса ,иондар ,молекула ,валенттік ұғымдарын тиянақтап электролиттік диссоциация теориясы тұрғысынан түсінеді . **Кейбір оқушылар:** Электролиттік диссоциация теориясын пайдалана отырып есеп шығаруда қолданады.
Бағалау критерийі:	Электролиттер және бейэлектролиттер және электролит тік диссоциация механизмі туралы түсінік қалыптастыру Электролиттік диссоциацияның анықтамасын біледі Кйбір қосылыстар суда ерігенде иондарға ыдырайтынын түсіне отырып зерттейді Иондық және ковалентті полюсті байланысы бар заттардың сулы ерітіндісіндегі электролиттік диссоциациялану механизмін түсінеді
Оқушылар:	**Оқушылар:** Сабақты тыңдайды, сөйлеуге дағыланады, ойды еркін жеткізеді Негізгі сөздер мен тіркестер: Жаңа термин: Электролит, бейэлектролит. Атом –атом-atom . Молекула- молекула- molecule . Элемент- элемент – element. Катион - катион-cation атомдық масса ,иондар,валенттік Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: 1.Электролит заттарға мысал келтір. 2.Бейэлектролиттерге мысал келтір. Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Электролиттік диссоциация теориясының маңызы қандай? Жазылым бойынша ұсыныстар: Мына қосылыстардың диссоциациялану реакцияларының теңдеулерін жазыңдар ? Na2CO3, KNO3,AICI3
Құндылықтар:	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, құрмет, азаматтық жауапкершілік шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; - қарым-қатынас жасау қабілеті; - пәндік білімін өмірде қолдана білуі.
АКТ дағдысынқолдану:	Интербелсенді тақта аудиовизуалды материалды демонстрациялауға қолданылады.
Пән аралық байланыс:	Физика
Алдыңғы оқу:	Химияляқ байланыс

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

басталуы:	«Миға шабуыл» стратегиясы Сыныптан жалпы сұрау. 1Байланыстың түрлерін ата 2. Ион дегеніміз не? 3.Катион қандай бөлшек? 4.Анион қандай бөлшек? 5.Кристалл торларының түрлерін атаңдар 6.Электртерістілік дегеніміз не? Дескриптор: −Сұрақтарға жауап береді; −Байланыстың түрлерін атайды; −Ион қандай болшектер екенін біледі; −катионның, анионның қандай бөлшектер екенін біледі; −электртерістіліктің не екенін біледі; −Кристалл торлардың түрлерін атайды. Қ.Б. «-,+» әдісі Үй тапсырмасын «Сөздер банкасы» сұрақ-жауап әдісі. Сұрақтар: 1.Бейорганикалық қосылыстардың химиялық қасиеттерін сипаттап бер . 2.Қышқылдар мен тұзларды жіктеп	

Сабақтыңортасы:	Жаңа сабақ .«Ой қозғау» стратегиясының «Келісемін, келіспеймін» әдісі арқылы барлық оқушылар сұрақтарға жауап жазады. **1-тапсырма** Су тоқ өткізеді. (келісемін). Ас тұзының судағы ерітіндісі тоқ өткізбейді. (келіспеймін). Металдар тоқ өткізеді. (келісемін) Қатты күйдегі ас тұзы тоқ өткізеді. (келісемін) Этил спирті тоқ өткізеді (келіспеймін) Дискриптор: − судың тоқты нашар откізетінін біледі; −ас тұзының судағы ерітіндісінің тоқ өткізетінін біледі; −металдардың тоқты жақсы откізетінін біледі; −қатты күйдегі ас тұзының тоқ өткізбейтінін біледі; −этил спиртінің тоқ өткізбейтінін біледі; **Қ.Б« Бас бармақ жоғары/төмен» әдісі**. **2-Тапсырма.** Топпен жұмыс. Мәтінді оқып,талдау. (Джигсостратегиясының «Өкіл» әдісі) **1топ:** Электролиттер және бейэлектролиттер туралы кіріспе **2топ:** С.Аррениустыңэлектролиттік диссоциалану теориясының негізгі мәні. **3 топ**: 2-ші сызбанұсқамен жұмыс. Дискриптор: −мәтінді оқып түсінеді; −С.Аррениустыңэлектролиттік диссоциалану теориясының негізгі мәнін түсінеді. −2-ші сызбанұсқаны түсіндіріп, жазып бере алады Қ.Б смаиликтер арқылы бағалау **3-тапсырма**. «ПАЗЛ» әдісі (Саралау тапсырмасы). Топтық жұмыс А)Төменде берілген заттардың қолдану аясын атаңыз. H2O, NaCL(судағы ерітіндісі), этил спирті, глицирин, NaCL(қатты) Б)Осы заттарды электролит және бейэлектролитке жіктеңіз. С) Осы заттардың молекулаларының байланысының табиғатын түсіндір. Дескриптор Білім алушы − берілген заттардың қолдану аясын атайды; − заттардың қолдану салаларына өзі мысал келтіреді; −заттарды электролит және бейэлектролитке жіктейді; − заттардың молекулаларының байланысының табиғатын түсіндіреді. **Қ.Б «Екі жұлдыз,бір тілек» әдісі** Дескриптор Білімалушы электролитті анықтайды бейэлектролитті анықтайды Жасаған тәжірибе барысын түсіндіреді. қорытындысын тұжырымдайды. 1.Электролиттік диссоциация дегеніміз не? 2. Электролиттік диссоциация негізін қалаған кім? 3. ЭДТ тұрғысынан негіздердің анықтамасын айтыңыз. 4. ЭДТ тұрғысынан қышқылдардың анықтамасын айтыңыз. 5. Қай уақытта ион алмасу реакциясы соңына дейін жүреді? 6. ЭДТ тұрғысынан қышқыл тұздардың анықтамасын айтыңыз. 7. Неге сірке қышқылының сусыз ерітіндісі электр тоғын өткізбейді? Сабақты қорытындылау. «Дарабоз» әдісі Оқулықтан №4-6 есептерді шығарту Дискриптор Білім алушы -есептің шартын түсініп, жаза алады -есепті шығара алады -қорытындылай алады «Жұлдыз санау». Рефлексия:«Жетістік баспалдағы» 5e044536d1805.png Image not found or type unknown Үйге тапсырма: Электролиттер және бейэлектролиттер. Электролиттік диссоциациясының механизмі	